

Кәсіптік стандарт: «Дін саласындағы қызмет»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Дін саласындағы қызмет» кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең ауқымын шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер (КЖ) лауазымдарының біліктілік анықтамалығы – Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу үшін негіз болып табылады және еңбек қатынастарын реттеуге, ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан әртүрлі экономикалық қызмет түрлеріндегі ұйымдарда персоналды басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешу үшін қолданылады;

2) біліктілік – еңбек нарығына және одан әрі білім мен біліктілікті арттыруға, еңбек ету құқығын беретін игерілген білімнің, дағдылар мен құзыреттердің құндылығын тану;

3) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

4) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

5) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;

6) жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) – жұмыстарды тарифтеуге және жұмысшыларға тарифтік разрядтар беруге арналған анықтамалық;

7) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

8) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

9) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

10) кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган – Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қызметті жүзеге асыратын Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғам нысанында құрылады;

11) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

13) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

14) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

15) салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, Ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленетін және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

16) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі;

17) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші (ЭҚЖЖ) – экономикалық қызметтің барлық түрлерін жіктеу және кодтау тәртібін айқындайтын жіктеуіш.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары – техникалық құралдардың көмегімен ақпаратты жария беру органдарының жиынтығы;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) БА – басшылар лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

5) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Название профессионального стандарта: Дін саласындағы қызмет

5. Кәсіптік стандарттың коды: S94910002

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

S Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну

94 Қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар) қызметі

94.9 Басқа қоғамдық бірлестіктердің қызметі

94.91 Діни ұйымдар қызметі

94.91.0 Діни ұйымдар қызметі

7. Краткое описание профессионального стандарта: дін саласындағы қызмет қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларында кәсіптік қызметті жүзеге асыруды, әлеуметтік бейімдеу және оңалту топтарында әлеуметтік-практикалық жұмысты, экстремизмнің, терроризмнің және әртүрлі діни топтардың (ұйымдардың) өзге де деструктивті қызметін профилактикалауды және оған қарсы іс-қимылды қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Имам - 3 уровень ОРК

2) Теолог - 4 уровень ОРК

3) Теология оқытушысы - 6 уровень ОРК

4) Теолог - 6 уровень ОРК

5) Дін және дінтану оқытушысы - 6 уровень ОРК

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Имам»:

Топтың коды:	2636-2 Діни қызметшілер (имам, діни қызметші, пастор, раввин және басқалары)		
Қызмет атауының коды:	2636-2-005		
Кәсіптің атауы:	Имам		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
подуровень квалификации по ОРК:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ақпарат, діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 394 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19478 тіркелген).		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Исламтану	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	ханафи діни құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қатынастарды ұйымдастырудың әртүрлі мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарды реттеу 2. Сунниттік құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу 3. Діни мұсылман ұйымдарында әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. 4. Исламның рухани құндылықтарының таралуы. 5. Мұсылмандарды намаз оқуға шақыру үшін Азан шақыру.	

	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қатынастарды ұйымдастырудың әртүрлі мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарды реттеу	Дағды 1: Әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен коммуникативті байланыс орнату.	Машықтар: 1. Келушілердің тыныс-тіршілігіндегі проблемаларды шешу. 2. Қазіргі замандағы мәселелерге бағдарлану. 3. Құран аяттарын діндарлармен қарым-қатынаста қолдану. 4. Өз сөздерімен тұжырымдарды дәлелдеу. 5. Мұхаммед пайғамбар (ﷺ) мен оның сақбаларының насихат әңгімелерінен мысалдар келтіру. 6. Діни қызметтің сапасын, мешіт жұмысын үйлестіруді және халықпен қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету. 7. Қауымды ислам нормаларын бұзудан сақтандыру.
		Білімдер: 1. Исламдағы шешендік өнер дәстүрлерін. 2. Имамның аудиторияға психологиялық ықпал ету құралдары мен тәсілдерін. 3. Исламның негізгі доктриналары мен ілімдерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Сунниттік құқық мектебінің талаптарына сәйкес жораларды ұйымдастыру және өткізу	Дағды 1: Жамағат намазын өткізу.	Машықтар: 1. Діни талаптар мен дәстүрлерге сәйкес мешітте күнделікті намазды ұйымдастыру және өткізу. 2. Діндарлардың алдында тұрған өзекті проблемалар мен сын-қатерлерге назар аударып, жұма намазын оқу және рухани уағыздар айту. 3. Мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып және оның діни мағынасы мен мәнін атап айта отырып, дұға жасауды ұйымдастыру және өткізу. 4. Күн мен айдың тұтылуы кезінде олардың мәні мен діни практикамен байланысын түсіндіре отырып, дұға жасау. 5. Рамадан айы кезеңінде оның ерекшеліктері мен діни өмірдегі мәніне назар аударып, мешітте ат-таравих намазын ұйымдастыру және өткізу.
		Білімдер: 1. Намаздың түрлерін (парыз, ваджиб, сүннет, нәпіл). 2. Намаздың негіздерін және олардың маңыздылығын. 3. Намаздың міндетті элементтерін және олардың тәртібін. 4. Намаздың сүннеттерін. 5. Намазды бұзатын жағдайларды. 6. Намаз кезінде қажетсіз әрекеттерді. 7. Исламның ақиқаттарын үйретуге және діндарлардың бойында руханиятты дамытуға бағытталған жұма уағзызының мәнін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

Дағды 2: Мұсылманды жерлеуді ұйымдастыру және өткізу.	Машықтар:
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ислам мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына сәйкес көңіл айту дәстүрлері мен қағидаларын сақтау. 2. Ислам жоралары мен ұсынымдарына сәйкес жаназа намазын өткізуге құзыретті. 3. Ислам дәстүрлері мен қағидаларына сәйкес жерлеуді ұйымдастыру және өткізу. 4. Ислам мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына сәйкес діндарларды зиратта зиярат етудің тиісті әдеби туралы хабардар ету.
	Білімдер:
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі кезеңдерді, исламдағы дәстүрлер мен рәсімдерді қоса алғанда, жерлеу жораларын. 2. Жаназа намазының ерекшеліктері мен қағидаларын. 3. Жоралар практикасының өңірлік ерекшеліктерін білу.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 3: Діни нормалар мен қағидаларға сәйкес неке қию рәсімін өткізу.	Машықтар:
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Исламда некенің маңыздылығын, оның ішінде айттыру, неке қию, үйлену тойы салтанаты рәсімін, ерлі-зайыптылардың құқықтарын түсіндіру. 2. Ерлі-зайыптыларға келіспеушіліктерді шешуге және некені бұзу рәсімінде көмектесу. 3. Неке қию жорасын өткізу.
	Білімдер:
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Неке қию процесін ұйымдастыру, жас жұбайларды той салтанатына дайындау. 2. Құтпа оқуды және мәһрды (күйеу жігіттің қалыңдыққа беретін ақша сомасы немесе сыйлығы) қоса алғанда, барлық ислам қағидалары мен дәстүрлерін сақтай отырып, неке қию рәсімін өткізу. 3. Неке келісім-шартын жасасу және оның шариғат талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету. 4. Исламдағы некенің маңыздылығын және оның қоғам мен мәдениеттегі орнын түсіндіру. 5. Шариғат талаптарына сәйкес ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатысты құқықтары мен міндеттерін, әр жұбайдың міндеттемелерін түсіндіру. 6. Балаларды тәрбиелеу мен оларға білім беруді қоса алғанда, ислам қағидаларын және ата-анаға қойылатын міндеттердің талаптарын түсіндіру. 7. Ислам қағидаларына сәйкес ерлі-зайыптыларға жанжалдар мен келіспеушіліктерді шешуге көмектесу.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	

Еңбек функциясы 3:
Діни мұсылман ұйымдарында әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және

өткізу.	Дағды 1: Исламдағы қасиетті айларға, күндер мен түндерге арналған жораларды ұйымдастыру және өткізу.	Машықтар: 1. Мереке күндерін сипаттау. 2. Қадір түнінің маңыздылығы туралы түсіндіру. 3. Исра (саяхат) және Миғраж (көтерілу) оқиғалары туралы хабардар ету. 4. Исламдағы қасиетті айларға, күндер мен түндерге арналған жораларды өткізу. 5. Мәуліт ән–Нәбиді мерекелеу, Мәуліт оқу.
		Білімдер: 1. Мереке түнінде және күнінде жасалуы тиіс жоралғылар. 2. Исламдағы мереке күндерін және осы күні оқылатын намаздарды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 4: Исламның рухани құндылықтарының таралуы.	Дағды 1: Сунниттік діни оқу мектебіне сәйкес келетін олардың түсіндірулеріне сәйкес Исламның рухани құндылықтары мен діни сенімдерін тарату.	Машықтар: 1. Исламның рухани құндылықтарын тарату үшін діни білімді оқытудың тиімді әдістерін қолдану. 2. Исламның негіздерін және олардың мағыналарын түсіндіру. 3. Мұсылманның күнделікті өмірінде ислам ғылымдарының негізгі ережелерін қолдану. 4. Суннит догматикасының ережелерін түсіндіру. 5. Оқу нормаларын сақтай отырып, Құранды жатқа оқу. 6. Ислам діни сенімі мен фиқһы мәселелеріндегі келіспеушіліктің өзекті проблемаларын шешу.
		Білімдер: 1. Ислам негіздерінің негізгі ережелерін білу. 2. Құранның "Амма" (30-ыншы бөлігін) жатқа айту. 3. "Ясин" және "Мүлік" сүрелерін білу. 4. Ислам мәселелеріндегі әртүрлі көзқарастарды түсіну және негізделген шешімдер қабылдау үшін аяттар мен хадистерді жатқа айту. 5. Араб тілінің грамматикасын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 5: Мұсылмандарды намаз оқуға шақыру үшін Азан шақыру.	Дағды 1: Намаз оқуға шақыру	Машықтар: 1. Ерекше әуезді нысанда Азан шақыру. 2. Қамат айту. 3. Намаздан кейін жалпы қабылданған тасбих пен зікір жасау. 4. Марқұмға құран оқу.
		Білімдер: 1. Қибла бағыттарын. 2. Намаз уақытын есептеуді. 3. Жергілікті жердің географиялық орналасуын: ендігін және ұзақтығын. 4. Құран аяттарын және зікірдің пайдасы туралы хадистерді білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	коммуникативтілік; жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру; өзінің ұстанушыларының сеніміне кіру және ынталандыру.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	10. Кәсіптің карточкасы «Теолог»:		
Топтың коды:	2636-1 Теологтар		
Қызмет атауының коды:	2636-1-003		
Кәсіптің атауы:	Теолог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
подуровень квалификации по ОКР:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ақпарат, діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 394 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19478 тіркелген).		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Теология	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	діни догматиканы, тарихты, дәстүрлер мен практикаларды олардың қоғам мен адамдарға әлеуметтік, мәдени және тарихи әсерін ескере отырып зерделеу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұртшылықпен жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру 2. Конфессиялық діни ілімдерді жүйелеу 3. Сараптамалық-консультациялық функция 4. Теологиялық дауларды шешу 5. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру. 6. Қазіргі қоғамдағы ақиқат пен қате түсініктердің арақатынасын талдау мақсатында діннің философиялық аспектілерін зерттеу	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Қазіргі заманғы деректер базасымен жұмыс істеу, діни әдебиет және баспа БАҚ бойынша деректанулық зерттеулер жүргізу	
Еңбек функциясы 1: Жұртшылықпен жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру			

<p>Дағды 1: Жұртшылықпен жұмыс</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өңірдегі діни ахуалды зерделеу және талдау жүргізу. 2. Қазіргі заманғы ақпараттық әдістерді қолдана отырып, өртүрлі діни құбылыстарға теологиялық талдау жүргізу. 3. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру. 4. Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарау. 5. Ұйымдардың кітапхана қорларына түсетін діни әдебиеттерге және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарға дінтану сараптамасын жүзеге асыру. 6. Діни мәтіндерді талдау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтанушылық және өзге де ғылыми тәсілдерді қолдануды қоса алғанда, өңірдегі діни ахуалды зерттеу әдістерін. 2. Электрондық дерекқорын, интернет-ресурстар мен талдамалық құралдарды пайдалана отырып, өртүрлі діни құбылыстарды теологиялық талдау үшін қолданылатын қазіргі заманғы ақпараттық әдістер мен технологияларды. 3. Ел аумағындағы осы ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын. 4. Жолданымдар бойынша талдамалық есеп пен ұсыным бере отырып, діни қызмет туралы заңнаманы бұзумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау рәсімдері мен тәсілдерін. 5. Ұйымдардың кітапхана қорларына түсетін діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарды талдау үшін дінтану сараптамасының қағидаттарын. 6. Діни мәтіндер, оның ішінде негізгі догматикалық, тарихи және мәдени аспектілерді білу, мәтіндерді олардың мәнмәтін мен мағынасын ескере отырып талдау және интерпретациялауды білу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

	<p>Дағды 2: Ұлттық және діни негіздегі қақтығыстардың туындауының, көрінуінің және шиеленісуінің алғышарттарын анықтау мақсатында этникалық және діни қатынастарға мониторинг ұйымдастыру және жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Интернет-кеңістікке байланысты халықтың радикалдануға қарсы иммунитетін арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру іс-шараларының кешенін жүргізу. 2. Интернет желісінде қарсы насихаттау жұмыстарына мониторинг жүргізу. 3. Интернет-кеңістікте және әлеуметтік желілерде мониторинг пен талдау жүргізу шеңберінде өңірдегі діни ахуалды тұрақтандыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу. 4. Ұлттық және діни негізде қақтығыстарды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау. 5. Экстремистік, радикалды және террористік идеологияны ажырата білу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұртшылықпен жұмыс сапасын арттыруға арналған қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды. 2. Қоғамдағы қақтығыстарды шешудің психологиялық тәсілдерін. 3. Конфликтология және медиация негіздерін. 4. Этносаралық өзара іс-қимыл әдебін білу.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Еңбек функциясы 2: Конфессиялық діни ілімдерді жүйелеу</p>	<p>Дағды 1: Христиан дінінің негіздерін талқылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Христиандықтың негізгі бағыттары (православие, католицизм, протестантизм) туралы ақпаратқа ие болу. 2. Қазақстанда христиандықтың: православиенің, католицизмнің, протестантизмнің таралу тарихын баяндау. 3. Методизмнің, Інжілдік сенім христиандарының, Жетінші күн адвентистерінің, Иегова куәгерлерінің, ақ бауырластық діни ілімдерінің ерекшеліктері мен қызметін сипаттау. 4. Бұл діндердің идеологиясы мен қағидаттарын, сондай-ақ олардың құлшылық ету мен діни мерекелерінің ерекшеліктерін түсіндіру. 5. Христиандыққа тән: дұға ету, қасиетті мәтіндерді оқу, құдайды ән айту арқылы мадақтау, құдаймен причастие мен төубе ету арқылы қарым-қатынас жасау сияқты өртүрлі құлшылық ету нысандарын түсіндіру. 6. Христиан дінінің дамуындағы теологиялық кезеңдерді түсіндіру. 7. Христиандықтың рухани-адамгершілік құндылықтары, оның ілімдерінің негізгі қағидаттары туралы кең аудиторияны хабардар ету.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Христиандықтың негізгі бағыттары: православиені, католицизмді және протестантизмді. 2. Қазақстанда христиандықтың: православиенің, католицизмнің, протестантизмнің таралу тарихын. 3. Методизмнің, Інжілдік сенім христиандарының, Жетінші күн адвентистерінің, Иегова куәгерлері мен ақ бауырластық діни ілімдерінің ерекшеліктері мен қызметін. 4. Бұл діндердің идеологиясы мен қағидаттарын, сондай-ақ олардың құлшылық ету мен діни мерекелерінің ерекшеліктерін. 5. Христиандыққа тән: дұға ету, қасиетті мәтіндерді оқу, құдайды ән айту арқылы мадақтау, құдаймен причастие мен тәубе ету арқылы қарым-қатынас жасаудың әртүрлі құлшылық ету нысандарын. 6. Христиан дінінің дамуындағы теологиялық кезеңдерді. 7. Христиандықтың рухани-адамгершілік құндылықтары, оның ілімдерінің негізгі қағидаттары туралы білу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 2: Ислам дінінің негіздерін жинақтап қорыту</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ислам дінінің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын зерделеу. 2. Ислам дінінің негіздері: діни сенім, салт жоралар, практикалар мен дәстүрлер туралы ақпаратты жүйелеу және жинақтап қорыту. 3. Діни ілім негіздерін түсіну және түсіндіру үшін исламның қасиетті мәтіндерін: Құран және хадистерді талдау және интерпретациялау. 4. Исламдағы әртүрлі мектептер мен ағымдар, олардың тарихы, негізгі қағидаттары мен ерекшеліктері туралы ақпаратқа ие болу. 5. Исламның негізгі доктриналық және әдептік қағидаттарын: монотеизм, әділеттілік, мейірімділік түсіндіру. 6. Әлеуметтік-мәдени мәнмәтін мен ислам дінінің қоғамға және жеке адамдарға әсерін, оның ішінде адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы рөлін түсіну. 7. Ислам дінінің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде ислам жамағаты мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасау.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ислам дінінің діни ілім мен тарихының негізгі қағидаттарын. 2. Ислам дінінің негіздері: діни сенім, салт жоралар, практикалар мен дәстүрлер туралы ақпаратты. 3. Діни ілім негіздерін түсіндіру үшін исламның қасиетті мәтіндерін: Құран және хадистерді интерпретациялауды. 4. Исламдағы әртүрлі мектептер мен ағымдар, олардың тарихы, негізгі қағидаттары мен ерекшеліктері туралы ақпаратты. 5. Исламның негізгі доктриналық және әдептік қағидаттарын: монотеизм, әділеттілік, мейірімділік туралы. 6. Әлеуметтік-мәдени мәнмәтін мен ислам дінінің қоғамға және жеке адамдарға әсерін, оның ішінде адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы рөлін. 7. Ислам дінінің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде ислам жамағаты мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасай білу.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 3: Иудаизмнің негіздерін қарау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иудаизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын зерделеу. 2. Иудаизмнің қасиетті Тәурат мен Талмуд мәтіндерін талдау және интерпретациялау. 3. Бір құдайға сену, халықтың таңдалуы және Тәурат заңдары сияқты иудаизмнің негізгі доктриналар туралы ақпаратқа ие болу. 4. Иудаизм ағымдарын, олардың тарихын, негізгі ілімдері мен ерекшеліктерін ажырату. 5. Сенбі, Пасха, Рош ха-Шана және Йом Киппурды қоса алғанда, иудаизмнің діни жораларын, мерекелері мен дәстүрлерін түсіндіру. 6. Иудаизмнің еврей мәдениетін, әдебін, адамгершілігі мен әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға әсерін қарау. 7. Иудаизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде еврей қауымы мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасау.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иудаизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілім мен тарихын. 2. Иудаизмнің қасиетті Тәурат мен Талмуд мәтіндерін. 3. Бір құдайға сену, халықтың таңдалуы және Тәурат заңдарын. 4. Иудаизмнің әртүрлі бағыттар мен тарихын. 5. Сенбі, Пасха, Рош ха-Шана және Йом Киппурды қоса алғанда, иудаизмнің діни жораларын, мерекелері мен дәстүрлерін. 6. Иудаизмнің еврей мәдениетін, әдебін, адамгершілігі мен әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға әсері туралы түсініктерді. 7. Иудаизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін әртүрлі аудиториялармен, оның ішінде еврей қауымы мен жұртшылық өкілдерімен қарым-қатынас жасай білу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 4: Буддизм мен индуизмнің негіздерін айқындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Буддизм мен индуизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілімін және тарихын зерделеу. 2. Буддизм мен индуизмнің қасиетті мәтіндері мен жазбаларын: Сутра мен Веданы талдау және түсіндіру. 3. Реинкарнациялау, карма, азаттық және рухани даму ұғымдарын қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің түйінді доктриналары және философиялары туралы ақпаратты меңгеру. 4. Буддизм мен индуизмнің әртүрлі мектептері мен ағымдарының, тарихының, негізгі ілімдері мен практикаларының аражігін ажырату. 5. Медитацияны, пуджаны және дивалиді қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің діни жораларын, рәсімдері мен мерекелерін түсіндіру. 6. Буддизм мен индуизмнің олар таралған жерлердегі қоғамдардың мәдениетіне, әдебіне, адамгершілігіне және әлеуметтік құндылықтарына ықпалын қарау. 7. Буддизм мен индуизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін буддистік және индуистік қауымдастықтардың өкілдерін, сондай-ақ қалың жұртшылықты қоса алғанда, әртүрлі аудиториялармен байланыс орнату.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Буддизм мен индуизмнің негізгі қағидаттарын, діни ілімін және тарихын білу. 2. Буддизм мен индуизмнің қасиетті мәтіндері мен жазбаларын: Сутра мен Веданы түсіндіру. 3. Реинкарнациялау, карма, азаттық және рухани даму ұғымдарын қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің түйінді доктриналарын және философияларын білу. 4. Буддизм мен индуизмнің әртүрлі мектептері мен ағымдарын, тарихын, негізгі ілімдері мен практикаларын білу. 5. Медитацияны, пуджаны және дивалиді қоса алғанда, буддизм мен индуизмнің діни жораларын, рәсімдері мен мерекелерін білу. 6. Буддизм мен индуизмнің олар таралған жерлердегі қоғамдардың мәдениетіне, әдебіне, адамгершілігіне және әлеуметтік құндылықтарына ықпалын білу. 7. Буддизм мен индуизмнің негіздері туралы білімді талқылау және тарату үшін буддистік және индуистік қауымдастықтардың өкілдерін, сондай-ақ қалың жұртшылықты қоса алғанда, әртүрлі аудиториялармен байланыс орнату.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 3: Сараптамалық-консультациялық функция	Дағды 1: Сараптама және кеңес беру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық және өңірлік деңгейде діни процестерді түсіну. 2. Діни қызмет саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік көмек көрсету. 3. Діни мәтіндерге, әдебиеттерге, аудио-және бейнематериалдарға сараптама жүргізу. 4. Ұйымдардың кітапхана қорларына келіп түскен діни әдебиеттерге, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарға дінтану сараптамасын жүргізу. 5. Діни ілім тұжырымдамасын және оларды нақты өмірде қолданылуын түсіндіру. 6. Діни ілім мәселелері бойынша консультация беру. 7. Кәсіптік қызмет мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссиялардың құрамында қатысу. 8. Кәсіптік қызмет мәселелері жөніндегі консультативтік топтардың құрамында қатысу. 9. Деструктивті ағымдардың, экстремистік, террористік ұйымдардың идеологиясын тану. 10. Теология мәселелері бойынша жеке консультациялар мен сараптамаларды жүзеге асыру.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни ілімінің негізгі типтерін. 2. "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңын. 3. Белгілі бір діндердің негізгі догмаларын, идеяларын, көзқарастары мен практикаларын. 4. Діни оқудың (пәтуаның) қазіргі заманғы құқықтық қорытындыларын. 5. Діни практикамен, күнделікті өмірмен және мұсылман адамдар арасындағы қатынастарға байланысты ислам құқығын. 6. Қасиетті мәтіндердің теориялық қағидаттарын. 7. Діни жораларды өткізу және ғибадат ету шарттары мен қидаларын. 8. Діни идеологияларды, тұжырымдамаларды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Діни мәтіндерді түсіндіру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіндермен жұмыс кезінде тілдің, грамматиканың, лексиканың және сөйлемдер құрылымының ерекшеліктерін пайдалану. 2. Діни мәтіндердің қазіргі әлемге ықпалы туралы ұғымды кеңейту үшін оларды қазіргі проблемаларға және қиындықтарға қолдану. 3. Діни ілімдерді едәуір терең түсіну үшін қасиетті мәтіндердің мазмұны мен құрылымын ашу. 4. Діни сеніміне байланысты күрделі философиялық және әдептілік сұрақтарына жауаптарды қалыптастыру. 5. Тиісті діни ілімдер мен сенімдерге негізделген діни және қоғамдық мәселелер бойынша кеңестер мен бағыт беру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіннің тілі мен стилін. 2. Діни мәтін жазылған тарихи мән-жайларды. 3. Жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің мәні мен мағынасын түсіну үшін филологиялық талдау жасау. 4. Түсіндірудің экзегетикалық әдісі тарихи және әдеби түпмәтінін талдау арқылы діни мәтіндердің мәні мен мағынасын едәуір терең түсінуге мүмкіндік беретінін. 5. Қазіргі заманғы түпмәтін шеңберінде діни мәтіндердің мәнін және олардың қазіргі қоғамға ықпалын түсінуге мүмкіндік беретін түпмәтін әдісін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 4: Теологиялық дауларды шешу		

	<p>Дағды 1: Ақиқатқа қатысты пікірталас мәселелерін талдау және шешу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни іліммен байланысты даулы мәселелерді талдау, теологиялық қағидаттарға сәйкес шешімдер табу. 2. Діни мәтіндердің мазмұны мен құрылымын түсіну. 3. Тараптарға діни ілім негізінде әділ шешімге қол жеткізуге көмектесу. 4. Тараптар арасындағы жанжалдарды реттеу үшін теологиялық қағидаттарды пайдалану. 5. Діни ілімге тән әділеттілік пен мейірімділік қағидаттары негізінде жанжалдарды шешуге жәрдемдесу. 6. Иудаизм, христиандық, ислам, буддизм, индуизм және жаңа діни ағымдарды қоса алғанда, конфессиялық діни сенімдердің ерекшеліктерін тану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теологиялық қағидаттарға сәйкес діни іліммен және шешім табуға байланысты даулы мәселелерді талдау. 2. Діни мәтіндердің мазмұны мен құрылымын білу. 3. Діни сенім негізінде әділ шешімге қол жеткізу үшін тараптарға көмек көрсету. 4. Тараптар арасындағы жанжалдарды реттеудің теологиялық қағидаттарын білу. 5. Діни ілімге тән әділеттілік пен мейірімділік қағидаттары негізінде жанжалдарды шешуге жәрдемдесу. 6. Иудаизм, христиандық, ислам, буддизм, индуизм және жаңа діни ағымдарды қоса алғанда, конфессиялық діни сенімдердің ерекшеліктері.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Еңбек функциясы 5: Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыру.</p>	<p>Дағды 1: Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмыстарын ұйымдастыруды үйлестіру.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту және радикалды көзқарастан арылту іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу. 2. Сотталғандардың діни экстремизмге және терроризмге қатысты теріс көзқарасын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының әдістемелерін әзірлеу және енгізу. 3. Жеке және топтық жұмысты қамтитын сотталғандарды әлеуметтік-психологиялық және діни оңалту жөніндегі шаралар кешенін қолдану. 4. Құқықтық мәдениетті арттыруға және қылмыстардың қайталануының алдын алуға бағытталған әлеуметтік-құқықтық тақырыптар бойынша сабақтар өткізуді қамтамасыз ету.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни экстремизм мен терроризм идеологиясының, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың жетегінде кетуге әкелуі мүмкін факторлар мен себептерді. 2. Сотталған адамдарға, оның ішінде діни аспектілерді ескере отырып, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бағдарламасын өзірлеу қағидаттарын. 3. Ресми діни ағымдар мен олардың деструктивті тармақтары арасындағы айырмашылықтарды. 4. Радикалды көзқарастан арылтуға, оның ішінде сотталғандар қатарындағыларды радикалды көзқарастан арылтуға және олардың діни идеологиямен / көзқарастармен байланысты қылмыстарды қайталауын болдырмауға бағытталған теологиялық, психологиялық және әлеуметтік-бейімдеу іс-шаралары кешенін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 2: Ұлттық әдет-ғұрыптар мен діни дәстүрлер арасындағы байланысты талдау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстанда бар діни ағымдардың тарихы мен ерекшеліктерін және олардың ұлттық дәстүрлермен байланысын зерделеу. 2. Ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің діни құндылықтармен және ілімдермен өзара байланысын талдау және түсіндіру. 3. Әртүрлі діни ағымдарды түсіну және құрметтеу мақсатында әртүрлі дін өкілдерімен диалог құру және пікірталас жүргізу. 4. Діни наным мен тарих тұрғыдан қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу және түсіну. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстанда бар әртүрлі діни ағымдар мен конфессияларды және олардың ерекшеліктерін. 2. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі діннің рөлін. 3. Дәстүрлі діни сенімдер мен ұлттық дәстүрлерді бұрмалайтын экстремистік/радикалды ағымдар арасындағы айырмашылықтарды білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 6: Қазіргі қоғамдағы ақиқат пен қате түсініктердің арақатынасын талдау мақсатында діннің философиялық аспектілерін зерттеу</p>		

